

Педагогикалық әдеп кеңесі туралы

№ 2 хаттама

«Оқушылар үйі» КМҚК

07.02.2023 ж

Қатысқандар: педагогтар, әкімшілік құрам, заңгер, есепші

Күн тәртібі:

1. Педагогтардың құқықтары, педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау туралы (кеңес төрайымы – Ж.Куанышова)

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кеңес төрайымы Ж.Куанышова ҚР Үкіметінің 2019 жылғы № 645 қаулысы бойынша «Педагог мәртебесі туралы» Заңының педагог құқықтары мен міндеттеріне тоқталып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар, мектептегі педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша құрылған Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мұғалімнің мәртебесі туралы» заңдарына, осы Ережеге, басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділеттілік, этика, қоғамдық пікір мен ашықтықты ескеруі тиіс. Жеке және заңды тұлғалар мұғалімдердің педагогикалық этиканы сақтауына қатысты білім беру ұйымының Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне жүгіне алады. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау кезінде мұғалімнің құқықтары қарастырылып отырған мәселе туралы жазбаша ақпарат алу, барлық материалдармен танысу, өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен жеке өзі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қорғау, жазбаша шешім алу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданған шешімге шағымдану құқықтарына ие.

Шешім:

1. Берілген ақпаратты ескере отырып, көпшілік ортадағы педагогикалық этикалық нормалардың қатаң сақталуына бақылау жүргізілсін.

Төрайымы
Хатшы



Ж.Куанышева
С.Таласбаева